

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

7.6: ТУРИСТІК ҚЫЗМЕТ НАРЫҒЫНДА БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІКТІ АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ

7.6: ПУТИ ПОВЫШЕНИЯ КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТИ НА РЫНКЕ ТУРИСТСКИХ УСЛУГ

7.6: ENHANCING COMPETITIVENESS IN THE TOURISM SERVICES MARKET

ӘОЖ 338.48

ҚАЗІРГІ ТАҢДА ТУРИЗМНІҢ ДАМУ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Атымтаева Дильназ Саматовна, Алтынбекова Еркеназ, Муханова Тоғжан

E-mail: atymtaevad@bk.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Туризм-23 тобының студенттері,
Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Темиралиева З.С.

Туризм – халықтың рекреациялық қажеттілігін (денсаулығын жақсарту, күш-қуатын қалпына келтіру, т.б.) қанағаттандырудың ең тиімді жолы. Туризм қаражаттың мемлекеттік бюджетке түсетін түсімі бойынша мұнай мен автокөлік экспортынан кейінгі 3-ші орында, ал жұмыс бастылар саны жөнінен бұл саладағы жұмысшылардың жұмылдыру көрсеткіші бойынша туризм көшбасшы орынға ие. Туризмді дамыту арқылы Қазақстанның экономикалық жағдайын жақсартып, бірқатар әлеуметтік мәселелерді шешуге болатыны да белгілі. Қазақстанда туризмді дамыту үшін барлық қажетті мәдени, тарихи, географиялық және климаттық жағдайлар жеткілікті. Тәуелсіздік алған соң мәдени және тарихи құндылықтарды жаңартуға бағытталған бұл саланы дамытуға алғышарттар жасалды. [1]

Батыс Еуропаның нарқына қысқа мерзімдік сапарға туристерді жеткізушілер негізінен Германия мен Ұлыбритания болып отыр. 1993 жылы бұл екеуінің үлесіне 35 және 10 % келді. Олардың көбісі Франция, Австрия және Германияда уақытын өткізеді. Қысқа мерзімдік келушілер жағынан бірінші орынды Франция алады. Ол жақын туризмді дамыта отырып, уақытша қысқа мерзімге келушілерді Германиядан, Ұлыбританиядан, Бельгиядан, Испаниядан және Италиядан қабылдайды. Демалудың түрінде де тамырымен өзгерістер енуде. «Көңіл көтеру мен қозғалысқа қызығушылықтың жарылысы» келесі тенденция болып табылады. Жағажайға жатып пассивті уақыт өткізу, демалысты өткізудің көп тараған түрі болса да, біртіндеп-бірте жаңа талаптарға орын беруде. Бұрынғы «Үш S» («Sea-Sun-Sand») – теңіз — күн – жағажайдың орнына жаңа формула «Үш L» (Lore-Landscape-Leisure) – ұлттық салт-дәстүр – пейзаж – бос уақыт келуде. Бұл жаңа құндылыққа сәйкес келіп, адам психологиясында бекітілуде, қазіргі туристің ойын және мінез-құлқын білдіреді. Күнделікті ақиқат пен шындықтан қалмау үшін турист жергілікті колоритке ынталанады, басқа халықтың тұрмысын, әдет-ғұрпын, мәдениетіндегі ерекшеліктерді білуге тырысады. Сонымен қатар, белсенді демалып, күш-қуатын қалпына келтіруге ұмтылады. [2]

Қазақстандағы туризм саласы соңғы жылдары қарқынды дамуда. Туризмді дамыту шеңберінде ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда АҚШ, Австралия және Грузия сияқты елдердің тәжірибесі қолданылады. Қазақстанның маңызды табиғи нысандарын сақтау үшін инвесторлар тартылады, ал мемлекеттік ұлттық табиғи парктердің инфрақұрылымын дамыту жалғасады. Мұны 2019 жылғы туризмге салынған инвестициялардың ел тарихындағы рекордтық көрсеткіші - 153,7 млрд теңгеге жетуі дәлелдейді. Қаржылай көмектің артуымен туризм саласы жаңа деңгейге көтеріле алады. Ал дамыған туризм Қазақстанның әлемдік жарнамасына айналуы әбден мүмкін. Еліміздегі туризмнің даму деңгейінің орташа болуына кадрлардың жетіспеушілігі, білім мен тәжірибенің аздығы тікелей ісер етті. Қазіргі таңда Қазақстанда туризм менеджерлерін дайындайтын 28 оқу орны бар. Олардың негізі 1992 жылы

қаланғанымен, жоғарғы оқу орындарындағы оқытушылардың білімі мен туристік тәжірибесінің жеткіліксіздігінен, туристік саланы мамандармен қамтамасыз ету қанағаттандырушылық жағдайда емес. Елдегі инфрақұрылым мен қызмет көрсету саласының орта деңгейі де туризм саласының баяу дамуына ықпал етеді. Елдегі инфрақұрылым мен қызмет көрсету саласының орта деңгейі де туризм саласының баяу дамуына ықпал етеді. Сонда да, соңғы 10 жылда Қазақстан туризм саласына көңіл бөліп, қаржылай көмек көрсетіп, жарнама жасауда. Пандемиядан кезеңіндегі кедергілерге қарамастан 2021 жылы туризм саласындағы негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 564 млрд теңгені құрады. Бұл қаражат өзге елдермен салыстырғанда жақсы көрсеткіш болып есептеледі.[3]

Туризм әлемде болып жатқан саяси, экономикалық жағдайлармен тығыз байланысты, тіпті тәуелді десек болады. Мысалы, 2020 жылғы covid-19 пандемиясының әсерінен бекітілген карантинге қатысты шектеулер әлемдік туризмге үлкен нұқсан келтірді. 2020 жылы ДТҰ мәліметтері бойынша шетелдік туристердің әлемдік ағыны 3,8 есеге азайды. Карантиннің қатал шектеулері мен тіпті локдаунның бекітілуі 2020 жылдың бірінші тоқсанынан бастап туризмге өз әсерін тигізді. 2019 жылмен салыстырғанда 2020 жылдың бірінші тоқсанында әлем бойынша туристер саны 28,6%-ға кемісе, ал екінші тоқсанда бірден 94,6%-ға төмендеп, шетелдің туристердің әлемдік ағыны 18,4 есеге төмендеді. Қазақстанда осы кезеңде төмендеу 16,7 есе болды. 2020 жылдың бірінші тоқсанында елге келетін туристер саны 14,1% -ға кемісе, екінші және үшінші тоқсанында бұл көрсеткіш 91-94%-ға төмендеді. Демек елге келушілер саны пандемия ықпалынан күрт төмендеп кетті. Бұл өз кезегінде елдің экономикасына, қонақ үйлер мен туристік орталықтардың жұмысына және жеке кәсіпкерлер мен орта және кіші бизнеске кері әсер етті. Дегенмен, COVID-19 пандемиясының ішкі туризмге оң әсері бағаланды. Бұл кезеңде ішкі туризм бірден 9,8%-ға 5,1 млн адамға дейін ұлғайды.[2]

Туризм индустриясы әлемдік жағдайларға қарай қаншалықты өзгеріске ұшыраса, соншалықты туризм әлемдік және жеке елдердің экономикасы мен әлеуметтік жағдайына әсер етеді. Туризм саласын дамытудың көптеген артықшылықтары мен бюджетке алып келер кірісі аз емес. Бүгінгі таңда туризм индустриясы дәстүрлі туристік орталық болып табылатын Еуропада ғана емес, сонымен қатар Америка, Африка, Азия және Аустралия елдерінде қарқынды дамуда, тіпті кейбір елдердің басты табыс көзіне айналуға. Соңғы жылдары халықаралық туризм экономиканың басқа экспортқа бағытталған әр салаларына қарағанда тез дамып келеді. Халықаралық туризм әлемдік экспорттың жалпы көлемінің шамамен 7%-ын, қызмет көрсету экспортының 30%-ын құрайды. 1990 жылдан бастап әлемдік туризм кірістерінің динамикасы тұрақты түрде өсіп келеді. Туризм индустриясы нақты материалдық-техникалық базасы бар, көптеген адамдарды жұмыспен қамтамасыз етеді және экономикалық кешеннің барлық салаларын байланыстырады. Әсіресе қызмет көрсету нысандарының жиынтығын (көлік құралдары, тамақтану орындары, ойын-сауық орталықтары, білім беру, бизнес және денсаулық сақтау мекемелері) дамытады. Сонымен қатар туроператорлық және турагенттік, экскурсиялық қызметтер мен аудармашылар қызметін ұсынатын ұйымдар жұмыс істейді. Айта кету керек, туризм ел экономикасында жалпы ішкі өнімге (ІӨ) айтарлықтай үлес қосатын сала болып табылады. Мысалы, Швейцария, Австрия, Франция, Болгария сияқты көптеген Еуропа елдерінің табыс көзінің едәуір бөлігін туристік кірістер құраса, ал туризмде маманданған елдер табысының үштен бір бөлігін туристерден түскен қаржылар құрайды. Көптеген елдерде туризм өте жылдам қарқынмен дамып келе жатқан және әлеуметтік-экономикалық, маңызы бар жетекші салаларының бірі болып табылады.[4]

Туризм саласы дамуының артықшылықтары жайлы сөз қозғасақ, жергілікті табысты көбейтеді; жаңа жұмыс орындарын ашады; туристік қызметтерді өндірумен байланысты барлық салаларды дамытады; туристік орталықтарда әлеуметтік және өндірістік инфрақұрылымды дамытады; халықтық қолөнер және мәдени даму орталықтарының қызметін жандандырады; жергілікті халықтың өмір сүру деңгейін жоғарылатуды қамтамасыз етеді; аймақтағы ақша ағымының ұлғаюы, соның ішінде шетел валютасының түсуі көбейеді; қабылдаушы аймақтың салық түсімдерін ұлғайтады; туристер де, жергілікті тұрғындар да пайдалана алатын демалыс құрылымдарын көбейтеді; жергілікті ауыл шаруашылығы өнімдері

мен отандық тауарларға деген сұраныс артады; жергілікті мәдени өмір жанданады және аймақ көркейеді; тауар мен қызмет көрсетуде бәсекелестіктің артуына ықпал етеді. Туризм саласының дамуы ел экономикасы мен әлеуметтік жағдайына оң әсер етеді. Бұл сала тек табыс көзі болып қана қоймай, халықтың өмір сүру жағдайының жақсаруына және сана-сезімнің артуына ықпал етеді.

Біз салыстыру ретінде туристерді қазіргі таңда қатты қызықтыратын Түркия мен Оңтүстік Корея елдерінің мысал ретінде алдық. Түркия мен Оңтүстік Кореяға көптеген туристердің келу себептері келесідей болуы мүмкін:

1. Бай тарихи және мәдени мұра: бұл екі елдің де туристерді қызықтыратын ежелгі және бай тарихы бар. Түркияда туристер Эфес, Трой және Стамбул сияқты әйгілі тарихи орындарға бара алады, ал Оңтүстік Кореяда олар Кенбоккун сарайын, Бонвонс храмын және шығыс таудан Сеул қаласының панорамалық көріністерін көре алады.

2. Табиғи сұлулық: Түркия да, Оңтүстік Корея да туристерді таң қалдыратын керемет табиғи ландшафттарға ие. Түркияда Каппадокияға бірегей жартас құрылымдарымен баруға немесе Каш пен Олудениз жағажайларына баруға болады, ал Оңтүстік Кореяда Сеораксан саябағы немесе Чжейджусан саябағы сияқты ұлттық саябақтарға баруға болады.

3. Гастрономиялық әртүрлілік: екі ел де дәмді және әртүрлі тағамдарымен танымал. Түркияда туристер баклава, долма және кебаб сияқты тағамдарды жей алады, ал Оңтүстік Кореяда олар кимчи, "самгепсал" барбекюі және "буджиге" ыстық табасы сияқты тағамдарды жей алады.

4. Қол жетімділік пен ыңғайлылық: Түркия да, Оңтүстік Корея да жақсы дамыған туристік инфрақұрылымға ие, бұл оларды келуге тартымды етеді. Екі елде де сапалы қонақ үйлер, мейрамханалар, туристік орындар және ыңғайлы көлік қызметі бар.

5. Жақсы климат: екі елдің де көптеген аймақтарда қолайлы климаты бар, бұл оларды демалуға тартымды етеді. Туристер Түркия жағалауында демалуды немесе Оңтүстік Корея тауларына шығуды ұнатады.

Бұл көптеген туристердің Түркия мен Оңтүстік Кореяға баруының кейбір себептері ғана. Әрине, әр адамның саяхатқа деген өзіндік қалауы мен мотивтері бар. [5]

Қазақстандағы туризмді дамытуға 2,8 трлн теңге жұмсамақ. Қазақстандық шенеуніктер елге жылына 2,5 миллионға жуық шетелдік турист келеді деп күтеді, деп хабарлайды LS. Мәдениет және спорт министрлігі 2024 жылға қарай шетелдік саяхатшылар саны 2021 жылы 1,1 миллионнан 2024 жылы 2,4 миллионға дейін өседі деп санайды. Қазақстандықтардың ішкі туризмге деген қызығушылығы 2 миллионға артып, 7,3 миллионға жетеді деп болжап отыр. Осы мақсаттарға жету үшін алдағы төрт жылда инвестиция көлемі 2,8 трлн теңгеден асады. Бұл қаржыландыру көлемі департаменттің стратегиялық жоспарында жарияланған. Оның ішінде 510 млрд теңге 2021 жылы және 9324 млрд теңге 2024 жылы күтілуде. Оған инвестициялар есебінен қызмет көрсету саласын кеңейтуді, экологиялық, медициналық, курорттық, сервистік және технологиялық, ғарыштық, шығармашылық және туризмнің басқа түрлерін жаңартып, қызмет көрсету саласын кеңейтуді жоспарлап отыр. Ол үшін жол, жол жиегі, коммуналдық және басқа инфрақұрылымды, демалыс нысандары мен туристік маршруттарды, оның ішінде ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен орман шаруашылығын дамыту бойынша шаралар жетілдіріліп, тиісті заңдар қабылданатын болады. Сондай-ақ, көші-қон бақылауы мен визаны рәсімдеу процедураларын, визалық және көші-қон режимін біріздендіре отырып, мемлекеттік физикалық шекаралардан өту процедураларын жеңілдету жоспарлануда. Басымды елдер анықталады, олардың азаматтары үшін 72 сағатқа визасыз транзиттік режим енгізіледі. Қазақстан табиғатының алуан түрлілігінің, бай тарихы мен мәдени мұрасының арқасында туризмді дамыту үшін әлеуетке ие. Және біз елімізге туристерді тарту үшін өз ұсыныстарымызды білдірдік. Туристерді тарту үшін әртүрлі іс шаралар мен идеяларды қолдануға болады, мысалы:

1. Қазақ киіз үйі: туристер киіз үйлерде тұрып, қазақ мәдениеті мен әдет-ғұрпымен таныса алатын турлар мен іс-шараларды ұйымдастыру.

2. Қазақтың ұлттық киімі: Қазақ ұлттық киімінің әсемдігімен және алуан түрлілігімен


танысуға болатын сән көрсетілімдері мен фестивальдар өткізу.

3. Қазақ тіліндегі әндерді дәріптеу арқылы қазақ тілін тарту: қазақ музыкасы мен тілінің назарын аудару үшін Димаш Құдайберген сияқты танымал қазақ орындаушыларының қатысуымен концерттер мен іс-шаралар ұйымдастыру.

4. Ninety Группа тобы: жастар мен қазақ музыкасы мен мәдениетінің жанкүйерлерін тарту үшін концерттер, музыкалық бейнелер және әлеуметтік желілер арқылы Ninety группы тобын халықаралық деңгейде ілгерілету.

Кореяны танымал ету үшін BTS тобының және Қазақстанды танымал ету үшін Ninety one тобының үлестерін салыстыра отырып, екі топ та өз елдерін әлемдік аренада ілгерілетуде маңызды рөл атқарады деп айтуға болады. BTS әлемдік құбылысқа айналды және көптеген жанкүйерлерді тартты, бұл корей мәдениетіне, тіліне және туризміне деген қызығушылықтың артуына ықпал етті. Ninety Группа тобы қазақстандық мәдениеттің назарын аударып, түрлі елдерден туристерді тарту мүмкіндігіне ие. Туристер ағыны мен Қазақстанға деген қызығушылықты арттыру үшін әлемдік аренада қазақ музыкасын, мәдениеті мен тілін ілгерілетуді жалғастыру маңызды.





Туризм-халықтың рекреациялық қажеттіліктерін қанағаттандырудың ең тиімді әдістерінің бірі. Қазақстанда туризм жұмыс орындарының саны мен мемлекеттік бюджетке түсетін түсімдер бойынша көшбасшы орында тұр. Бұл саланың дамуы елдің экономикалық жағдайын жақсартып, әлеуметтік мәселелерді шеше алады. Туристердің маңызды жеткізушілері Германия мен Ұлыбритания болып табылады. Туристер жергілікті дәмге көбірек қызығушылық танытып, басқа халықтың мәдениетін білуге ұмтылуда. Қазақстанда ұлттық табиғи парктердің инфрақұрылымы белсенді дамып келеді. Туризм саласы соңғы жылдары қарқынды дамып келеді және 2019 жылы инвестициялардың рекордтық деңгейі белгіленді. Алайда, елдегі инфрақұрылым мен қызмет көрсету саласының орташа деңгейі туризмнің дамуын бәсеңдетуі мүмкін. Дамыған туризм саласының елдің экономикасы мен әлеуметтік жағдайына әсері даусыз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Набедрик В.А. География лечебного туризма в Европе: модели развития и трансформационные процессы. Дисс. канд. геогр. наук. Рук. А.Ю. Александрова. – М., 2005.
2. В.А. География лечебного туризма в Европе: модели развития и трансформационные процессы. Дисс. канд. геогр. наук. Рук. А.Ю. Александрова. – М., 2005.
3. Интернет ресурс https://www.inform.kz/kz2021-zhyly-kazakstandagy-turizm-salasyna-564-mird-tenge-investiciya-tusti_a39024_95
- 4 А.Ж. Жаманкулова, К.К. Сахова, А.Ж. Садвакасов, География, 11-сыныпка арналған оқулық, Нұр-Сұлтан 2020
- 5 Ермавлетов С.Р. География туризма: история, теория, методы, практика. – Алматы, 2000.

УДК: 338.23

АСПЕКТЫ, ВЫЗЫВАЮЩИЕ ЗАТРУДНЕНИЯ В РАЗВИТИИ ТУРИЗМА В КАЗАХСТАНЕ

Абдуханова Диана Аскарровна, Абдуллаева Дильяна Бехзадовна

abduhanovad@mail.ru abdullaevadilyana05@gmail.com

Студенты Экономического факультета кафедры «Туризм»

ЕНУ им. Л. Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель – ст. преподаватель З.С.Темиралиева